

Құттықтал 20 жылын

Астананың
Көрікті Есілдегі бас қаланың.
Халқының еңбегімен, ерлігімен
Құлшына болашаққа басқан адым.

Құлпрып қала, дала өңірдегі,
Қол жетті жетістікке көнілдегі.
Өркендер, һғылым, білім,
Мәдениет
Қала өсті өндірісі бойды кернеп.

Белгілеп елдің жетер шекарасын,
Жақындытып алыстың екі
арасын.
Поезд жөңкіп жайылды жолдар
жаңа
Қалаған жерге лезде жете аласың.

Сайрандал ұшақтары көк жүзінде,
Ілінді зымырандар жоқ тізімде.
Қазақ жері жалғасты теніздермен
Кеме шайқап, жел үрді өнімізге.

Бір күнде жырлап болмас
жетістігін,
Тойладық бүкіл ел боп жеңіс күнін.
Фалымдар бар әлемнен басын
қосып
Паш етті халықаралық бейбіт
үнін.

Таусылмас айта берсе табыстары,
Көбейді дос жараны таныс бәрі.
Астана ақ бейнесін айға балап
Қол созып болашаққа қарыштады.

Достасып орыс, Қытай,
ағылшынмен,
Тіл тауып Америка АҚШ - мен
Қол созып түрік, жапон, жаңа
корей
Келісті әңгімесі нақышымен.

Осындағ ашық арман Астанамыз,
Жетеді жаз жайлауы баспанамыз.
Кімде - кім алыс елден аңсан келсе
Көрсетіп Астананы мақтанамыз.

Өркендер өндірісі еліміздің,
Гүлденген егіс тола жеріміздің.
Кені мол жетер байлық ізdegенге
Үйқасы жалғасқанға тілміздің.

Кім көрсе көңілі тояр келбетіне,
Астана таңдал қонған жер бетіне.
Үйтқысы ұлты ұғым орталығы
Жыр етем қала күні тербетіле.

Әбдіғали ЖАНТАСОВ,
зейнеткер.



АСТАНА – ҰЛЫ ДАЛА
ЕЛОРДАСЫ

«Астананың күнделігі» қалалық шығармашылық байқауы



Биылғы жыл айтулы күндерге
толы. Солардың бірі – Тәуелсіз Қа-
зақстанның нышанына айналған
елордасы Астананың 20 жылдығы.
Осыған орай қалалық тілдерді
оқыту орталығының ұйымдасты-
руымен «Астананың күнделігі»
атты шығармашылық байқауы
әткен болатын. Қалалық кезеңге
7 үміткер (Ы.Алтынсарин атын-
дағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, Арқалық медициналық колледжі, Ы.Алтынсарин атындағы гимназия мен А.Құнанбаев атындағы №6 ЖБ-
БОМ) «Фотоальбомдар», «Бейнеролик», «Шығармалар байқауы»
аталымдары бойынша шығар-

машылық жұмыстарын ұсынды.
Қала оку орындарының 16-
23 жас аралығындағы студенттер
мен оқушылары арасында Астананың 20 жылдығын көзінен на-
сихаттау мақсатында ұйымдасты-
рылған байқаудың қорытындысы б
бойынша үздік шығармашылық
жұмыстар («Астана – Тәуелсіз Қа-
зақстанның нышаны» тақыры-
бындағы 2 шығарма (авторлары:
Қ.Карбоз, Г.Сұнғат), 2 фотоальбом
(С.Жәнібек, А.Айтбаева), 1 бей-
неролик (Е.Есенгелді)) байқаудың
облыстық кезеңіне жолдама алды.

**Жазира
МҰХАНБЕТЖАНОВА,
әдіскер**